


«КЕЛІСІЛДІ»


Кесіподақ ұйымының төраймы
К.С. Тулеғенова

20 14 жылғы 23 » Акимдік мемлекеттік
№ 1 хаттама



«БЕКІТЕМІН»

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сактау басқармасы № 5 қалалық емханасы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кесіпорнының
бас даригері Д.А. Сарсенова



**«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық
сактау басқармасы № 5 қалалық
емханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кесіпорнының жемқорлықка қарсы
стандарттары**

Тараз қаласы -2017жыл

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жемқорлыққа қарсы стандарттары

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (әрі қарай–емхана) осы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасындағы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңының 10 бабы 2 тармағына сәйкес сәйкес әзірленді.

Осы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ««Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметінде және емхана қызметкерлерінің арасында жемқорлық жағдайларының туындауына жол бермеу негізінде әзірленген.

- 1. Қоғамдық қатынас саласының атауы:** Денсаулық сақтау.
- 2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы:** «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
- 3. Қоғамдық қатынастардың жеке саласына жұмыс істейтін адамдар іс-әрекет қағидалары:**

3.1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін іске асыру кезінде қызметкер өзінің күнделікті қызметінде:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жұмыс жасау;
- 2) КР Заңдарына сәйкес мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізу;
- 3) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен оларды қорғауды қамтамасыз етуге, азаматтардың өтініштерін заңмен белгіленген тәртіpte, мерзімде қару және қажетті шаралар қолдану;
- 4) Мемлекеттік қызметтер және өзге де рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру барысында көзделмеген құжаттардың сұралуына, яғни әртүрлі төрешілдікке (бюрократияға) жол бермеу;
- 5) Лауазымдық өкілеттіліктерін орындау барысында саяси партиялар мен қоғамдық және діни қауымдастықтардың қызметтерінен тәуелсіздік және бейтараптық таныта білу;
- 6) Нормативтік құқықтық актілерде сәйкес келмеу және әртүрлі түсініктемелер анықталған жағдайда, нормативтік құқықтық актінің дайындаған құзіретті органға дереу хабарлау;
- 7) Мемлекеттік қызметтің тұтынушысы ретіндегі халықтың талаптары мен сұраныстарына бағдарлана отырып, көрсетілетіletіn мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру үшін әрдайым қажетті шаралар қолдану;

- 8) Лауазымдық өкілеттіліктерін орындау барысында, КР Зандарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, азаматтардың жеке өмірі және арнамысын қозғайтын мәліметтерді жария етпеу және олардан мұндай ақпарат беруді мұқтаждамау;
- 9) қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін жұмыс істеуі, өздерінің іс-әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуы, емхананың атына кір келтіретін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеуі;
- 10) мұдделердің жанжалы туындағаны, қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі жеке қызығушылығы туралы, сыйбайлас жемқорлық жүріс-тұрысқа және сыйлықтар алуға бейімділігі туралы тікелей немесе тұра басшысына баяндауы;
- 11) қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакунемдік қызығушылықтарды басшылыққа алмауы;
- 12) маңызды қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестері мен басшыларына жүгінуден аулак журуі;
- 13) басқа да адамдарды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеуі және көтермелемеуі;
- 14) әріптестеріне, басшылары мен өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуі;
- 15) орындау үшін алған өкімнің заңдылығына күдіктілігі туралы тікелей басшысына дереу жазбаша түрде хабарлауы;
- 16) егер тікелей басшысының өзі мұдделер жанжалына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінүі;
- 17) жоғары құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ұстануы және әріптестерінен талап етуі;
- 18) туындауы мүмкін мұдделердің жанжалының, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарларының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі шараларды ұдайы негізде қабылдауы;
- 19) кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуды ұстануы.

- ### **3.2. Бас дәрігердің қарамағындағы қызметкерлермен қарым-қатынас:**
- 1) рулық, жерлестік және жеке сенімділік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;
- 2) қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындау;
- 3) қарамағындағы қызметкерлердің арасында енбек жүктемелерін тең бөлмеуге жол бермеу;
- 4) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділеттілік пен объективтілік таныту;
- 5) нақты орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттеріне кірмейтін, сондай-ақ заңнамаға қарама-қайшы келетін өкімдер бермеу;
- 6) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағыларының

- қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;
- 7) қарамағындағы қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
- 8) қарамағындағы және басқа да қызметкерлердің тарапынан сыйбайлас жемқорлықта қарсы заңнаманың нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;
- 9) қарамағындағы қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында олардан туындастын қызығушылықтар жанжалын реттеу жөніндегі жан-жақты шараларды уақтылы қабылдау;
- 10) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жан-жақты шаралар қабылдау;
- 11) қарамағындағылар сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;
- 12) қарамағындағылармен құмар ойындарға қатысудан аулақ жүру;
- 13) қарамағындағыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеу ұсынылады.

3.3. Өз құзіреті шенберінде басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде:

- 1) Мұдделер қақтығысының туындау мүмкіндігіне жол бермеу үшін, кез келген шаралар қабылдау.
- 2) Бақылау және өзге де шараларды жүргізу барысында шешім шығаруды талап еткен жағдайда, сұрақтарды объективті, заңға сәйкес шешім қабылдау.
- 3) Мемлекеттік қызметкердің құзырына кіретін шешім шығару кезінде, өзімен заңда көрсетілген міндеттерін орындауына қатысты ешқандай материалдық игіліктер, қызмет атқарулар және өзге де артықшылықтар қабылдамау;
- 4) Өз өкілдіктерін берілген құқықтары шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес атқару;
- 5) Көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша жасырындық сақтау және қызметтік, коммерциялық сырды қамтамасыз ету;
- 6) Қызметтік міндеттерді атқару барысында жеке және заңды тұлғалардың қалауына бас имеу, олардың ықпалынан тәуелсіз болу;
- 7) Еңбек тәртібін мұлтіксіз сақтау, берілген міндеттерін тиімді пайдалану; қызметтік міндеттерін алалықсыз және нарықы атқару; жұмыс уақытын тиімді пайдалану.

3.4. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға ұсыныс беру кезінде:

- 1) Нормативтік құқықтық актілерге ұсыныс беру кезінде КР 2016 жылғы 06 сәуіріндегі «Құқықтық актілер туралы» №480-V Заңына қатаң сүйіну;
- 2) Нормативтік құқықтық актілердің өзіне және үшінші тұлғалардың игілігіне пайда табу мақсатында қабылдануына жол бермеу;
- 3) Белгісіз орта тұлғалары және нақты жеке тұлғаларға назарына айналуы қажет.

3.5. Тіршілік әрекеті саласы спецификасына байланысты түйндейтын өзге қарым қатынастар кезінде:

- 1) Мемлекет мұдделеріне шығын келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмысына бөгет болатын және тиімділігін түсіретін әрекеттерге төпеп беру;
- 2) Заңмен белгіленген тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылатын қателіктер мен өзге де құқық бұзушылықтарға жол бермеу;
- 3) Искерлік әдеп пен ресми тәртіп ережелерін сақтау;
- 4) Басқа мемлекеттік қызметкерлер тарарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзушылығын болдырмау немесе бетін қайтару бойынша шаралар қолдану;
- 5) Ұжымда, әріптестердің ар намысы мен абыройына нұқсан келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан ұстану;
- 6) Басшылықтың тапсырмаларын орындау барысында тек объективті және тексерілген ақпараттар ұсыну.

4. Басқа да шектеулер мен тыйым салулар

Егер мемлекеттік қызметкер жемқорлық туралы ақпаратқа ие болған жағдайда, ол, осындай құқық бұзушылықтардың алдын-алу және тоқтату үшін шаралар қолдануы қажет, сонымен қатар жоғары тұрған басшылығын, сол жұмыс жасайтын мемлекеттік орган басшылығын, құзіретті мемлекеттік органдарды хат жүзінде ақпараттандыру. Сонымен қатар мемлекеттік қызметкер жоғарыда аталған тұлғаларды және органдарды, оның басқа тұлғаларды жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға итермелегені жөнінде хат жүзінде дереу ақпараттандыруы қажет;

Мемлекеттік функцияларын атқаруға үйлеспейтін қызметтер және кәсіпкерлік қызмет атқаруға; жеке және занды тұлғалардан лауазымдық қызметтің атқарғаны үшін сыйақы алуға (сыйлық, ақшалай сыйлық, қызмет көрсетулер, ойын сауық, демалыс, көлік шығынын төлеу және өзге де сыйақылар).

**Кәсіподак ұйымының төрайымы
К.С. Тулегенова**



Бас дәрігер Д.А. Сарсенова



5 (88) бетте

Тілін, немірленді.
«ДА» майесе 2017ж.

Бас дәрігер

Д.А. Сарсенова

Кәсіподак үймының
тераймы



К.С. Тулеғенова

